

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Первомай ауылы әкімінің 2025 жылғы 18 желтоқсандағы № 7-ші шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Ауликөл ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі берген 2025 жылғы 21 қарашадағы № 638 өтініші негізінде, Әуликөл ауданы Первомай ауылының әкімі ШЕШТІ:

1. Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Первомай ауылының аумағында орналасқан , ауданы – 0,7528 гектар жер учаскесіне су құбыры желілерін күтіп ұстау және пайдалану үшін сервитут белгіленсін.

2. "Первомай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрдегі "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жарияланғаннан кейін "Первомай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А. Марат